

## Солтүстік Қазақстан әкімі жанындағы тәртіп кеңесі туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 239 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 19 маусымда N 23 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 38 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 27.12.2007 № 38 шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 қазандағы "Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіп Кеңесі туралы" N 3705 Жарлығына сәйкес және мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершіліктерін арттыру, олардың өкімет билігі мен қызметтік жағдайларын асыра пайдалануға жол бермеу, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика ережесін сақтауларын қамтамасыз ету мақсаттарында облыс әкімі **ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:**

1. Облыстық тәртіп кеңесі-облыс әкімі жанындағы консультативтік-кеңес органы құрылсын.
  2. Жоғары кеңестің негізгі міндеттері төмендегіше айқындалсын
    - мемлекеттік органдардың лауазымды қызметкерлерінің өкімет билігі мен қызмет жағдайларын асыра пайдалану фактілері туралы азаматтардың шағымдары мен ұсыныстарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын қарап тексеру;
    - тәртіп бұзған, өкімет билігі мен қызмет жағдайын асыра пайдаланған, қызметтік этика ережесін бұзған мемлекеттік басқару органдарының басшы лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапқа тарту жөнінде облыс әкімінің қарауына ұсыныстар енгізу;
    - мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік органдардың басшылары мен лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет және қызметтік этика ережесі туралы қолданылып жүрген заң талаптарын қамтамасыз етулері жөнінде облыс әкімі үшін ұсыныстар әзірлеу.
  3. Кеңес құрамын облыс әкімі бекітеді деп бекітілсін.
  4. Тәртіп Кеңесінің төрағасы 5 күндік мерзімде жоғарыда аталған Кеңестің дербес құрамы жөніндегі ұсынысын қарауға енгізсін.
  5. Тәртіп Кеңесінің қызметін материалдық-техникалық және басқа жақтарынан, ұйымдық жағынан қамтамасыз ету облыс әкімінің аппаратына

жүктелсін.

6. Тәртіп Кеңесінің қызметін қамтамасыз ететін штаттық қызметкерлер облыс әкімі аппаратының бекітілген штаттық кестесі есебінен, үш адамнан Кеңес төрағасы, бір инспектор және бір техникалық қызметкерден құрылсын.

7. Тәртіп Кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен типтік Ережені басшылыққа алсын.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары А.В. Ржавскийге жүктелсін.

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК